



Құрметті Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің әйелдер қауымы!

Сіздерді 8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Осынау тамаша күні Сіздерге көтеріңкі көңіл-күй, жылулық пен шабыт, табыс пен игілік, әйел бақытын тілеймін!

Басқарма төрағасы - Ректор
Бейбіткүл Каримова



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Әзербайжанда өткен «Study in Kazakhstan» көрмесіне қатысты

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі 4-5 наурыз күндері Әзербайжан астанасы Бакуде «Study in Kazakhstan» брендімен білім көрмесін ұйымдастырды. Іс-шараға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің делегациясы, Басқарма Төрағасы-Ректор Бейбіткүл Каримованың жетекшілігімен қатысты.

Университет басшысы Әзербайжан мемлекеттік дене шынықтыру және спорт академиясының ректоры Фуат Гаджиевпен кездесу өткізіп, жаңа форматтағы кадрларды бірлесе дайындау, спорт менеджменті және жаттықтырушылық қызмет бағыттары бойынша қос дипломдық бағдарлама құру мәселелерін талқылады.



Жалғасы 2 бетте

ӘЙЕЛДЕР МЕРЕКЕСІ – МЕЙІРІМ МЕН СҰЛУЛЫҚТЫҢ САЛТАНАТЫ

Көктемнің алғашқы лебімен бірге келетін 8 наурыз – жүрегі мейірімге толы аналарымызды, әпке-қарындастарымызды, аруларымызды ардақтап, алғыс айтатын мереке. Бұл күн нәзіктік пен қайсарлықты, сүйіспеншілік пен даналықты қатар ұштастырған әйелдерге деген шынайы ықыласымызды жеткізуге мүмкіндік береді.

Әйел адам – шаңырақтың алтын дінгегі, отбасының ұйытқысы. Қиындыққа қайыспай, тағдырдың сынына мойымай, ер-азаматқа сүйеу, балаға қорған болып жүрген аналарымыздың орны бөлек. Олар – ұрпақтың тәрбиешісі, елдің ардағы. «Ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бекер айтылмаған.

Әйелдер тек отбасының шамшырағы ғана емес, қоғамның белсенді мүшесі. Олар саясатта да, ғылымда да, өнерде де ел мерейін үстем етіп жүр. «Қырық жанды әйел» деген нақылдың астарында әйелдің сабыры мен табандылығы, парасаты мен төзімі жатыр.

Әйелдердің шексіз мейірімі, сабырлығы мен адалдығы өмірдің сәнін келтіреді. Оларсыз қоғамның дамуы, ұлттың өркендеуі мүмкін емес. Қай салада болсын, нәзік жандылар тек ілгері басып, биіктерді бағындыруда.

Әйел адамға арнап айтылған «алтын жүрек», «пейілі кең», «күміс көмей» сияқты теңеулер олардың болмысын дәл сипаттайды. Асыл ана, ардақты жар, аяулы әпке мен мейірімді қарындас – өміріміздің мәні мен сәні.

8 наурыз мерекесі алғаш рет 1910 жылы Клара Цеткиннің бастамасымен әйелдердің құқығын қорғау үшін белгіленді. Бастапқыда әлеуметтік теңдікті талап ететін күн болса, уақыт өте келе, бұл мереке әйелдерге деген шексіз алғыс пен құрметтің символына айналды.

Қазақстанда да бұл күн ерекше мереке ретінде атап өтіледі. Ер азаматтар аналарымыз

бен аруларымызды құттықтап, гүл шоқтары мен сыйлықтарын ұсынып, жылы лебіздерін арнайды. Бұл – әйелдерге деген құрмет пен махаббаттың белгісі.

Ана – мейірімнің теңізі, жүрегінің жылуы таусылмас шырақ. Оның ақыл-парасаты мен тәрбиесі ұрпақтың болашағын айқындайды. «Ананың ақ сүтін ақта» деген сөздің астарында ананың перзентіне деген шексіз махаббаты мен үміті жатыр.

Біздің әрбір жетістігіміздің артында ананың алақаны мен бағасы тұр. Анаға деген алғысымызды сөзбен емес, іспен білдіру – перзенттік парызымыз.

Әйелдер қоғамның айнасы, мәдениеттің мәйегі. Қазіргі таңда әйелдер саясатта, экономикада, спортта және басқа да салаларда табысты қызмет атқарып жүр. Олардың шыдамдылығы мен қайсарлығы талай биікті бағындыруда.

«Ерін сыйлаған әйел азбайды, елін сыйлаған ер тозбайды» дегендей, елге тұтқа болып жүрген қыз-келіншектеріміздің еңбегі ерен. Олар – қоғамның алтын қазығы, ұлттың болашағы.

8 наурыз – тек гүлдер мен сыйлықтар берілетін мереке ғана емес, әйелдердің қоғамдағы, отбасындағы орнын айқындайтын мейрам. Бұл күні аналарымызға, әпке-қарындастарымызға, сүйікті жарларымызға жүректен шыққан алғысымызды білдіріп, олардың мейірімі мен сабырлығына алғыс білдіреміз.

Барша әйелдер қауымын 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Әрдайым жүздеріңізден күлкі кетпесін, жүректіңіз махаббат пен мейірімге толы болсын!

Амандық ДӘРІБАЙ,
Т-24-1 оқу тобының студенті

Басы 1 бетте

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Әзербайжанда өткен «Study in Kazakhstan» көрмесіне қатысты

Әзербайжан мемлекеттік дене шынықтыру және спорт академиясы – республикадағы байырғы жоғары оқу орындарының бірі. Қазіргі уақытта академия еуропалық университеттермен бірлесіп, спорт журналистикасы, спорт менеджменті, спорттық медицина және оналту бойынша модульдік магистратура бағдарламаларын ағылшын тілінде ұсынады.

Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Оның нәтижесінде жаңа қос дипломдық бағдарламалар, студенттерге арналған академиялық ұтқырлық бағдарламасы



және профессор-оқытушылар құрамының тағылымдамадан өту мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Басты мақсат – Қазақстан мен Әзербайжан университеттері арасындағы ынтымақтастықты нығайту, шетелдік студенттерді қазакстандық жоғары оқу орындарына тарту және кадрлар даярлауда тәжірибе алмасуды дамыту.

Дөңгелек үстел және жаңа келісімдер

ADA университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Әзербайжан Республикасы Ғылым және білім министрі Әмин Амруллаевтың қатысуымен «Әзербайжан мен Қазақстан арасындағы жоғары білім саласындағы ынтымақтастықты кеңейту» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Тараптар екіжақты бастамаларды қолдауға және ынтымақтастықты дамытуға дайын екендіктерін білдірді.

Сонымен қатар, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің делегациясы Әзербайжан Сәулет-құрылыс университеті мен Әзербайжан экономика университетінің басшылығымен кездесулер өткізді. Нәтижесінде, университет 5 ірі жоғары оқу орнымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Атап айтқанда:

1. Баку мемлекеттік университеті
2. Әзербайжан мұнай және өнеркәсіп университеті

3. Баку Славян университеті
4. Ленкоран университеті
5. Әзербайжан мемлекеттік дене тәрбиесі және спорт академиясы

20 қазакстандық ЖОО көрмеге қатысты

Әзербайжанда өткен білім көрмесіне Қазақстанның 20 жоғары оқу орны қатысып, шетелдік талапкерлерді тарту бойынша белсенді рекрутингтік жұмыс жүргізді. Әзербайжандық студенттерге Қазақстанда



академиялық ұтқырлық және тағылымдамадан өту мүмкіндіктері туралы толық ақпарат берілді.

Бұл шараның басты нәтижесі – екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы байланысты нығайту және білім беру саласындағы халықаралық серіктестік ауқымын кеңейту.

ҚЫРҒЫЗСТАНДЫҚ СТУДЕНТТЕР ҚЫЗЫЛОРДАДА

Қырғызстанның Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінен 35 студент Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында оқуға келді. Бұл бастама екі ел арасындағы білім және мәдени алмасуды дамытуға, сондай-ақ студенттердің халықаралық тәжірибесін арттыруға үлкен мүмкіндік беруде.

Ынтымақтастық пен танысу

Қырғызстандық студенттермен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі-проректор Дана Абдрашева, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар



жөніндегі проректор Майнұр Бөрібаева және әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Жандос Базартай кездесті. Кездесу барысында шетелдік студенттерге университеттің мүмкіндіктері мен оқу бағдарламалары туралы толық ақпарат берілді.

Шетелдік студенттер бір апта бойы университеттің оқу үрдісімен, материалдық-техникалық базасымен және ғылыми-зерттеу орталықтарымен танысты. Бұл кезең студенттердің жаңа ортаға тез бейімделіп, білім алмасу процесін тиімді меңгеруіне ықпал етеді.

Достық пен спорт

Қырғызстандық студенттерді қарсы алу аясында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда

университетінде волейболдан жолдастық кездесу ұйымдастырылды. Ойын тартысты әрі қызықты өтіп, екі жақтың ойыншылары да жоғары деңгейдегі шеберліктерін көрсетті. Жарыс барысында студенттер өзара қолдау білдіріп, достық пен ынтымақтастықтың жарқын үлгісін танытты.

Шараның басты мақсаты – халықтар достығын нығайту, студенттер арасындағы достық қарым-қатынасты арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау болды. Спорттық кездесулер мен мәдени іс-шаралар студенттердің бір-бірімен жақынырақ танысып, ортақ мүдделерді табуына жағдай жасады.

Тарихи орындарға саяхат



Шетелдік студенттер Қызылорданың көрнекті орындарын аралап, қазақ халқының бай мәдениетімен танысты. Олар Қорқыт ата мемориалдық кешені мен тарихи-мәдени нысандарға экскурсия жасап, қазақ халқының тарихы мен салт-дәстүрі туралы көптеген мағлұмат алды. Бұл саяхат студенттердің жаңа ортаға бейімделуіне ғана емес, қазақ мәдениетіне деген қызығушылығын арттырды.

«Қазақ халқының қонақжайлылығы мен мәдениетінің тереңдігі бізді таңғалдырды. Бұл сапар біз үшін тек білім алмасу ғана емес, мәдениет пен дәстүрлерді терең түсінудің мүмкіндігі болды,» – деп бөлісті қырғызстандық студенттер өз әсерлерімен.

Халықаралық ынтымақтастықтың үлгісі

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті халықаралық ынтымақтастық аясында шетелдік студенттерге сапалы білім алу мүмкіндігін кеңейтіп келеді. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы оқу орны шетелдік студенттердің білім алуына, ғылыми жобаларға қатысуына және кәсіби дамуына жағдай жасауда.

Екіжақты серіктестік аясында болашақта ғылыми-зерттеу жобалары, бірлескен конференциялар және мәдени алмасу шаралары ұйымдастыру жоспарлануда. Бұл бастама Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықты жаңа



деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Қырғыз ұлттық университеті арасындағы академиялық ұтқырлық бағдарламасы – білім мен мәдениет алмасуының жарқын үлгісі. Бұл бастама жастардың білім көкжиегін кеңейтіп, олардың болашақта өз елдерінің дамуына үлес қосуына жол ашпақ.

Екі елдің арасындағы достық пен өзара түсіністік осындай жобалар арқылы нығая түспек. Білім алмасу арқылы басталған бұл серіктестік болашақта ғылым мен мәдениет саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың іргетасы болмақ.

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОР СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Басқарма төрағасы-ректор Бейбіткүл Каримова 1-курс студенттерімен қатар, магистранттар және докторанттармен де кездесіп, еркін форматта пікір алмасты. Бұл жиындар студенттерге оқу орнының миссиясы мен стратегиялық бағыттары туралы жан-жақты ақпарат беру, олардың көкейінде жүрген сұрақтарына нақты жауап қайтару мақсатында ұйымдастырылды.

Ректордың студенттермен тікелей байланыс орнатуы — университеттің ашықтық қағидаттарын ұстанатынын көрінісі. Бұл кездесулерде білім беру сапасы, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолдау көрсету және жас ғалымдардың халықаралық жобаларға қатысу мүмкіндіктері жан-жақты талқыланды.

Жаңаша көзқарас: әр институттағы кездесулердің ерекшеліктері

Бейбіткүл Сәрсемханқызы алдымен Инженерлі-технологиялық институтының 1-курс студенттерімен жүздесті. Кездесу барысында университеттің ғылыми-инновациялық бағыттағы жетістіктері сөз болып, техникалық мамандықтарда оқитын жастарға арналған жаңа мүмкіндіктер таныстырылды. Студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты жауап алды. Жиын соңында белсенділік танытқан студенттерге ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Жасанды интеллект институтының студенттерімен өткен кездесу ерекше форматта өрбіді. Ректор жасанды интеллект пен деректерді талдау бағыттарындағы жаңа оқу бағдарламалары жайлы айтып, студенттердің сұрақтарына жауап берді. Бұл кездесу жастардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, болашақ зерттеулерге деген ынталарын оятты.

Жаратылыстану институтында өткен кездесу де мазмұнды болды. Бұл жолы ректор студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстары мен халықаралық гранттар туралы ақпарат берді. Белсенділік танытқан студенттерге “КузylordaHub” бизнес-инкубаторының сыйлықтары табысталды.

Педагогика және дәстүрлі өнер институтындағы кездесуде ректор университеттің болашақтағы даму жоспарлары мен білім беру үрдісін жетілдіру шаралары туралы баяндады. Сонымен қатар, студенттерге шығармашылық жобаларға қатысу, шетелдік тәжірибелер мен халықаралық бағдарламалар жайында кеңестер берілді.

Кездесу соңында ректор 14 ақпан — халықаралық кітап сыйлау күніне орай



студенттерге танымдық сұрақтар қойып, белсенді жастарға құнды кітаптар мен естелік сыйлықтар ұсынды. Бұл бастама студенттердің оқуға деген қызығушылығын арттырып, жаңа ақпараттарды меңгеруге деген ынталарын күшейтті.

Магистранттар мен докторанттармен болған кездесуде Бейбіткүл Сәрсемханқызы ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау, халықаралық конференцияларға қатысу және шетелдік тәжірибелермен алмасу бағытындағы жоспарларды таныстырды. Жас ғалымдар өз жобалары мен зерттеулеріне қатысты сұрақтар қойып, нақты ұсыныстар алды.

Ректор барлық көтерілген мәселелерді мұқият тыңдап, олардың шешімін табу үшін арнайы іс-шаралар жоспары жасалатынын мәлімдеді. Бұл кездесулер жас ғалымдарға өз болашақтарын айқындауға үлкен мүмкіндік берді.

Экономика және құқық институтының студенттерімен өткен кездесуде ректор университеттің экономикалық және құқықтық бағыттағы жетістіктері, жаңа оқу бағдарламалары және академиялық қолдау шаралары туралы сөз қозғады. Студенттер университеттің стартап жобаларына

қатысу, бизнес-инкубаторлардың қолдауы және халықаралық бағдарламалар жайында көптеген сұрақтар қойды.

Жиынның соңында ректор студенттерге болашақ мамандықтарына қатысты кеңестер беріп, олардың ұсыныстарын тыңдады. Бұл кездесу студенттерге нақты мақсаттар қойып, болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауға мүмкіндік берді.

Гуманитарлық-педагогикалық институтындағы қорытынды кездесу студенттер мен ректор арасындағы ашық диалогтың айқын көрінісі болды. Кездесу барысында ректор университеттің миссиясы, білім беру бағдарламалары және болашақтағы даму жоспарлары жайында кеңінен баяндады. Студенттер өз ұсыныстарын айтып, көкейкесті сұрақтарына жауап алды.

Бұл кездесулер тек ақпарат алмасу ғана емес, студенттердің білімге деген құштарлығын арттырып, олардың бойына сенім ұялатты.

Университеттің осындай шаралары жастарды жігерлендіріп, олардың ғылым мен білім жолында жаңа серпінмен қадам басуларына мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Азамат САМАТУЛЫ



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуына орай 18 ақпан күні «Қазіргі Қазақстандағы этносаралық келісім мен тұрақтылық» тақырыбындағы республикалық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Жиынның басты мақсаты – Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін бағалау, оның қоғамдық келісім мен ұлтаралық бірлікті нығайтудағы рөлін атап өту, жаңа бастамаларды қолдап, қоғамның барлық топтарын біріктіру жолында алға қойған мақсаттарды талқылау.

Конференцияға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнұр Бөрібаева, Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов, Қазақстан халқы Ассамблеясы орталығының жетекшісі, Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Ғылыми-сарапшылық топтың жетекшісі Айтжан Оразбақов, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Ғылыми-сарапшылық кеңесінің жетекшісі Айгүл Сәдуақасова, Астана қаласы «Ахысқа» түрік этномәдени орталығы қоғамдық бірлестігі, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Әскер Пириев, М.О. Әуезов атындағы ОҚЗ университетінің доценті, Шымкент қаласы ҚХА жанындағы Ғылыми сарапшылық топ жетекшісінің орынбасары, философия ғылымдарының кандидаты Саипжамал Корганова, Облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрағасы, қалалық мәслихат депутаты, Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейдің директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Айгүл Мұсабаева, «Қазақстанның орыс қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда филиалының директоры Наталья Мишукова және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары, оқытушылары мен білім алушылары, БАҚ өкілдері онлайн және офлайн форматта қатысты.



Конференция ғылыми баяндамалар мен талқылаулар, этносаралық қатынастарды жетілдіруге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру үшін жақсы алаңға айналды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ: ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІМЕН КЕЛІСІМ-ШАРТ ЖАСАЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Майнұр Бөрібаева Бердах атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Аманлық Гулимовпен 6 ақпан күні кездесті. Кездесу барысында тараптар екі университет арасындағы ғылыми және білім беру саласындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады.

Аманлық Гулимов өз кезегінде Қарақалпақ мемлекеттік университетінің тәжірибесі мен жетістіктері туралы айтып, екі оқу орны арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайын екенін білдірді. Кездесу нәтижесінде тараптар бірлескен ғылыми

жобалар мен зерттеулер жүргізу, студенттер мен оқытушылардың тәжірибе алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру, сондай-ақ халықаралық конференциялар мен семинарлар өткізу бойынша нақты қадамдар жасауға келісті.



Арал теңізінің экологиялық жағдайы туралы шетелдік ғалымдардың қатысуымен дөңгелек үстел өтті

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Арал өңірі экокүйелерін зерттеу халықаралық орталығында Ресей және Жапония ғалымдарының қатысуымен Арал теңізінің экологиялық жағдайы туралы 19 ақпан күні дөңгелек үстел өтті.

Ис-шара осы мәселенің шешімін табуға бағытталған маңызды қадам болып табылады”,-деді биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Рахат Құрманбаев.



Жиынға Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнұр Бөрібаева, Ресей Ғылым академиясы Зоологиялық институтының тұзды су гидробиологиясы зертханасының меңгерушісі, Арал теңізі бойынша танымал халықаралық сарапшы Николай Аладин, Нагоя университетінің халықаралық қатынастар саласындағы ғылыми қызметкері Чидэ Тецуро, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Зоология институтының ғылыми қызметкері Талғарбай Қонысбаев, Тоттори университетінің (Жапония) профессоры Дзиро Иида, Жапонияның Қазақстандағы елшілігінің өкілі Комия Шиммон және университет ғалымдары қатысты.

“Болашақта Арал теңізі мен оның экологиялық жағдайын зерттеу мен қалпына келтіру бойынша бірқатар жобаларды жүзеге асыру жоспарда бар. Бұл бағытта Ресей мен Жапонияның ғалымдарымен әріптестік қатынастарды нығайту әрі қарай жалғасады. Себебі, Арал теңізінің экологиялық жағдайы әлемдік деңгейде назар аударатын мәселеге

Шетелдік ғалымдар Арал теңізінің тар-тылуы мен оның салдары, қоршаған ортаға тигізетін әсері, жергілікті тұрғындардың өмір сүру және экономикалық жағдайлары туралы талқылады. Сонымен қатар, Арал өңірінде экологиялық мәселелерін шешуге арналған түрлі ғылыми жобаларды іске асырудың маңыздылығын атап өтті. Осы ретте, экологияны қалпына келтіру үшін заманауи ғылыми жетістіктер мен инновациялық технологияларды енгізу қажеттілігі де сөз болды.



ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ: ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТТІ НЫҒАЙТУ ЖОЛЫНДА



Экономика және құқық институтының әлеуетін бірнеше бағыт бойынша қарастыруға болады. Біріншіден, Экономика және құқық институтының ғылыми әлеуеті гранттық қаржыландыру бойынша жұмыс тобы профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттерінің қызметінде көрініс табады. Институттың ғылыми жұмыстарының негізгі бағыттарына экономика, құқық, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар салаларындағы зерттеулер кіреді.

Институттың ғылыми-зерттеу әлеуеті оның ғылыми қызметінің сапасы мен ауқымына байланысты. Қазіргі уақытта институт түрлі салаларда жоғары деңгейде ғылыми зерттеулер жүргізуде. Бұл зерттеулердің нәтижелері теориялық жаңалықтармен ғана шектелмей, практикалық қолданыстарды да қамтиды. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыру үшін институт халықаралық деңгейде жобаларға қатысады, шетелдік ғылымдармен бірлескен зерттеулер жүргізеді, ғылыми семинарлар мен конференцияларға қатысып, тәжірибе алмасады. Мұның барлығы зерттеулердің нәтижелерінің сапасын жоғарылатып, институттың әлемдік ғылыми қауымдастықта орнығуына мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда институт құрамында экономика және құқық бағыттары бойынша мамандар дайындайтын 3 білім беру бағдарламалары (БББ) мен 1 секция бар: «Экономика және басқару», «Қаржы, есеп және аудит», «Құқықтану» БББ және «Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» секциясы. Осы төрт бағыт бойынша жалпы профессор-оқытушылар саны 72, оның ішінде 44 қызметкеріміздің ғылыми дәрежесі бар. Осылайша, ғылыми дәрежелері бар профессор-оқытушылар 61,1 пайызды құрап отыр. Институт экономика, құқық және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелерімен байланысты көптеген ғылыми жобаларды жүзеге асыруда. Зерттеулер аймақтық және жаһандық экономикалық процестерді, құқықтық реформаларды, инновациялық басқару мен әлеуметтік саясатты зерттеуге бағытталған.

Екіншіден, институттың кадрлық әлеуеті оның жетістіктерінің негізі болып табылады. Институт профессор-оқытушылар жоғары білімді, кәсіби мамандардан тұрады. Кадрлардың кәсібилігі мен біліктілігі институттың табысты жұмыс істеуіне ықпал етеді. Заманауи институттар ғалымдарды даярлау және олардың кәсіби деңгейін үнемі көтеру жұмыстарын жүргізеді. Осы мақсатта институтымыздың ғылыми әлеуетін дамыту үшін «Экономика» БББ 4 докторант, «Мемлекеттік басқару» БББ 2 докторант білім алып жатыр. Бұл салада докторлар, кандидаттар және басқа да жоғары білімді мамандарды тарту, ғылыми дәрежелерді алумен қатар, халықаралық деңгейде мойындалған ғылыми еңбектер жариялау да өте маңызды. Институттың профессорлық-оқытушылар құрамы, докторанттары мен студенттері жетекші ғылыми журналдарда тұрақты түрде мақалалар жариялап тұрады, халықаралық және аймақтық конференцияларға қатысады, монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын шығарады. Бұл жарияланымдар институттың ғылыми қызығушылықтарының кең ауқымын көрсетеді. Сонымен қатар, білім алушылардың еңбек нарығына қажетті, талабына сай маман болуы да маңызды. Қазіргі таңда

ЖОО бітіргеннен кейін 1-ші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі институт бойынша түлектердің жалпы санының 78 пайызын құрап отыр.

Үшіншіден, институттың қазіргі әлеуетін анықтайтын тағы бір маңызды көрсеткіш технологиялық инфрақұрылыммен тығыз байланысты. Институттар технологиялық базасы заманауи жабдықтар мен зертханалық құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс. Институтымызда соңғы жылдары бірнеше дәрісханалар ашылды: «Абырой» мемлекеттік қызмет мектебі; «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша мамандандырылған дәрісхана; философия ғылымдарының докторы, профессор Б.Қожамберлиев атындағы дәрісхана; философия ғылымдарының кандидаты, университеттің Құрметті профессоры О.Бермаханов атындағы дәрісхана; сот саласының ардагері Т.Өміржанов атындағы «Алқа билер кеңесі» орталығы; «ҚР Азаматтық құқығы» дәрісханасы. Институт осы жоғары технологиялық аудиториялар мен эксперименттік алаңдарды құрып, жаңа ғылыми бағыттар мен жобаларды жүзеге асыруда пайдаланады.

Төртіншіден, халықаралық ынтымақтастық бағыты бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар ғылыми әлеуетіміздің дамуына серпін береді. Институт тұрақты түрде шетелдік университеттермен және ғылыми ұйымдармен белсенді ынтымақтастыққа жұмыс істейді. Бұл халықаралық тәжірибені оқу және ғылыми үдеріске енгізуге мүмкіндік береді. 2024-25 оқу жылының 2 академиялық кезеңінде Ресей халықтар достығы университетінің (РУДН) профессоры, заң ғылымдарының докторы Л.А.Букалорова «Криминология» курсынан дәріс жүргізеді.

Институттар мен ғылыми-зерттеу ұйымдарының негізгі миссиясына білім мен ғылымды дамыту, жаңа инновациялық технологияларды енгізу, қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру және әлемдік ғылыми қауымдастыққа үлес қосу жатады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту кез келген институттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Өйткені бұл процесс елдің ғылыми және техникалық әлеуетін нығайтуға, жаңа шешімдер мен технологияларды әзірлеуге септігі тигізді.

Экономика және құқық институты көшбасшылық қасиеттерді, жауапкершілік пен азаматтық белсенділікті дамытуға ықпал ете отырып, жоғары білікті мамандарды қалыптастыруға және экономика және құқық саласындағы белсенді ғылыми қызметке бағытталған серпінді білім беру және ғылыми кеңістік құруды негізгі миссия ретінде белгілеп отыр.

Институт профессор-оқытушылары патент пен авторлық куәлік иегерлері болып табылады. Ғалымдарымыз М.Ө. Насимов, А.Ш. Абдимомынова, Б.К. Нурмағанбетованың авторлық құқықтарға ие болуы олардың инновация және зияткерлік үлесті қолдайтынын көрсетеді. Бұл ғалымдарымыздың құзыреттілігін көрсетіп қана қоймай, институтымыздың академиялық және кәсіби ортасының құндылығын арттырады. Студенттерге озық зерттеулер және шығармашылықпен айналысатын тәжірибелі мамандардан білім алуына жағдай жасайды.

Қызметкерлер мен білім алушылар іске асырған стартап жобаларының саны екеуге жетті. Стартап жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру институтымыз үшін маңызды жетістік болып табылады. Бүгінгі таңдағы екі сәтті стартап-жоба институттың инновацияға көңіл бөлуін және оның кәсіпкерлік дағдыларды дамытудағы рөлін көрсетеді. Осы бағытта

жұмыс жасап жатқан қаржы, есеп және аудит БББ-ның студенттері С. Уриқбаев, Д. Цойды ерекше атағымыз келеді. Бұл жобалардың студенттердің болашақ дамуы мен инновацияға жолашып, ғылыми ынтымақтастықты ілгерілету ықтималдығы зор.

Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын, 40 жасқа дейін қоса алғандағы профессор-оқытушылар құрамы гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобалар конкурстарына тұрақты түрде қатысады.

Институт студенттерге арналған үйірмелер мен клубтарды белсенді түрде дамытуға үлес қосуда. Қазіргі таңда институтта «Жас заңгер» ғылыми-зерттеу үйірмесі, «Шамшырақ», «Қаржыгер» үйірмелері жұмыс жасауда. «Құқықтану» білім беру бағдарламасының «Жас заңгер» ғылыми-зерттеу үйірмесінің жетекшісі, заң ғылымдарының кандидаты Ш.Р. Жумагулова. Үйірме жетекшісі «Заң заңғарлары» атты университетшілік «Құқық» бағытындағы білім беру бағдарламасы бойынша оқытын студенттер арасында ғылыми-танымдық байқау; Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарын сайлауға «Дауыс беруге арналған 1 күндік» рөлдік ойыны; «Дильмаш» студенттер жатаханасында «Заңды білу – заман талабы» тақырыбында дөңгелек үстел; «Ғылым мен білімнің цифрлық трансформациясы тұрақты және инновациялық даму жолында» атты XXV ғылыми конференция; профессор М.Матаевтың 90 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Жаңа Қазақстан: мемлекеттің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жүйелерін дамытудың өзекті тенденциялары» атты студенттер арасындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция; «Менің елімнің жетістіктері: кеше және бүгін» атты университетшілік құқық бағытында оқытын оқу топтарының арасында 25-қазан Республика күніне орай ұйымдастырылған бейнероликтер байқау және «Жастар және заң: құқықтық білімнің маңызы» интеллектуалды-танымдық сайысын өткізді.

«Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша «Шамшырақ» үйірмесі А.Ғ.Токмырзаева жетекшілігімен жұмыс жасайды. Үйірменің «қайырылымдылық қоржынына» түскен қаражат жағдайы төмен отбасыларға берілді. «Oqutman club» университет студенттері арасындағы оқырмандар қауымдастығы бар. «Oqutman club» 40-қа жуық оқырман кітап талдауларын өткізді. 9 айда 6 кездесу ұйымдастырылып, 6 кітап талқыланды. Аталмыш үйірмелердің студенттер ғылыми-зерттеу қызметіне, ғылыми мақалалар дайындауға және конкурстарға қатысуға мүмкіндік береді.

Институт білім алушылары көптеген жетістіктерге қол жеткізуде. «Экономика» БББ 1 магистранты, «Құқықтану» БББ 2 студенті, «Есеп және аудит» БББ 3 студенті өткен жылдың 10-26 сәуір аралығында Бішкек қаласындағы Қырғыз ұлттық университетінде қысқа мерзімді курстарға қатысты. «Есеп және аудит» мамандығының студенті А.Лаубаева Эрасмуз+ бағдарламасы негізінде 2024 жылдың 13 қыркүйегі мен 2025 жылдың 31 қаңтары аралығында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алуда.

Экономика және құқық институты ғылыми мектептерді дамыту, заманауи зерттеу әдістерін енгізу, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу арқылы ғылыми әлеуетін одан әрі нығайтуға ұмтылуда.

Гүлшат ДУЗЕЛБАЕВА,
экономика ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті экономика және құқық
институтының директоры

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ ҰМЫТЫЛМАС ҚАҺАРМАНДАРЫ

Ұлы Отан соғысы — адамзат тарихындағы ең қанды және қасіретті кезеңдердің бірі. 1941-1945 жылдары аралығында болған бұл соғыс тек Кеңес Одағы үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін ауыр сынақ болды. Соғыс барысында миллиондаған жауынгер Отанды қорғау жолында жан аямай шайқасты. Бұл жылдар ерлік пен батылдықтың, қайсарлық пен шыдамдылықтың шынайы мектебі болды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Кеңес Одағының әрбір азаматы майданға аттанып, тылда да аянбай еңбек етті. Жауынгерлер тек қарумен емес, өздерінің қайсар рухымен де жеңіске жетуге үлес қосты. Соғыстың әрбір күні қанмен, термен жазылды, әрбір шайқас мыңдаған тағдырдың өзгеруіне себеп болды. Биыл Жеңістің 80 жылдығы. Бұл мерейлі дата – халқымыздың қайсар рухы мен батырлығының символы. Сол себепті университет қызметкерлерінің батырлықпен тарихта аты қалған ата-бабалары жайында мақалалар жариялаймыз.

Атамның ерлікке толы ғұмыры ұрпаққа өнеге



Атам Базархан Арипов 1921 жылы Қазақ КСР-і, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бәйгекүм станциясында ауқатты отбасында дүниеге келген. Ф. Голощекиннің қанқұйлы саясатының құрбаны болмау үшін атамның

бүкіл туыстары Қызылқұм арқылы көршілес Өзбекстанға көшуге мәжбүр болды. Олар жаңа өмірді Өзбек КСР-і, Ферғана облысы, Төлекорған ауданында бастады. Сонау Шиеліден өйтіп-бүйтіп аман алып келген аздаған малын бағып, өсіріп күндерін көре берді.

Енді ғана ес жидық, қиындықты ұмыттық дегенде, Екінші дүниежүзілік соғысы басталды. Сол кезде атамның мектепте оқып жүрген кезі. Бір түні оған түсінде В. И. Ленин мен И. В. Сталин үлкен алаңда халықтың алдында тұрып, дауыстап сөйлеп жатқанын көрінеді. Ертенінде әлемдегі ең сұмдық әрі қанды соғыстың басталғаны жарияланды...

Соғыс жылдары

Әскерге шақыру қағазы атама 1942 жылы келді. Ол 6-шы Гвардиялық атқыштар Дунай корпусының 20-шы жеке Гвардиялық байланыс батальонының кабельдік-бағана ротасында қатардағы ефрейтор қызметін атқарды. Әскери әдебиеттерде бұл мамандық туралы мәліметтер сирек кездеседі, сондықтан оны алғаш естігенде байланысшының жұмысы екенін бірден түсіну қиын. Байланысшылар белуардан қарға батып, кейде кеудесіне дейін суға малынып, телефон сымдарын тартып, жау оғының астында үзілген байланыстарды жалғап жүретін. Олар байланыс желілерін орнатып, бағаналарды тігіп, байланыс үзілген жерлерді тез арада қалпына келтірумен



қатар, жаумен шайқасып, дұшпанның әскерін жоюға да қатысатын. Байланыс болмаса, әскер командирлері өз бөлімдерінің қай жерде екенін, жаудың қай бағытта жылжып жатқанын біле алмайтын.

Қан майданда жауынгерлермен бірге жүріп, кейде олардан да озып, байланысшылар алдыңғы шепке дейін жетіп отырды. Олар миномет пен артиллерия оты астында, жазық далаларда да, биік тауларда да үзілген байланыс желілерін қалпына келтіріп отырды. Минометтің жаудырып жатқан оғының астында бірнеше жүз метрлік кабельдік-бағана байланысын тарту кезінде, оқпақ тығылған жау әскерлер орнынан қозғала алмай жатқанда, шабуылдағы танкистерді сауыт қорғап тұрған сәтте, артиллеристерді қашықтық аман сақтап жатқанда – байланысшылар ашық майдан даласында ерлікпен қызмет атқарды.

Осындай ерен еңбегі мен ерлігі үшін атам «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Марапат қағазында оның батылдығы былай сипатталады:

«Арипов жолдас, байланыс бақылаушысы ретінде өз міндеттерін мінсіз орындады. Балатон көлі маңындағы шабуылдау операциясы кезінде және одан әрі Австрия шекарасына дейін үнемі байланыс желілерінде жүріп, командованиені үздіксіз байланыспен қамтамасыз етті. Дивизия командирлерінің бақылау бекеттерінен өтетін байланыс желілерінде жау оқ астына алса да, бірнеше рет үзілген сымдарды қалпына келтірді.»

Атамның Жеңісті Австрия астанасы Венада қарсы алды. Бір қызығы, қан майданды бастан кешкенімен, бірде-бір рет жарақат алмаған.

Соғыстан кейінгі өмірі

1945 жылы 25 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясы «Қызыл Армияның жеке құрамын екінші кезекте демобилизациялау туралы» заң қабылдады. Осылайша, миллиондаған сарбаздар бейбіт еңбекке оралып, елді қалпына келтіру жұмыстарына араласты. Атам да солардың қатарында болды. Ол 1945 жылы 24 қазанда білімі бойынша демобилизацияланып, Өзбекстанға оралды.

Жоғары білім алып, отбасын құрып, бала сүйді.

Атамыз аудандық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Бірақ туған жерге деген сағыныш маза бермеді. Осылайша, 1950-жылдары бүкіл әулеті туған жерге қайта оралып, ауылға қоныстанды. Олар жаңа үй салып, алып жеміс бағы мен жүзімдік өсірді, мал шаруашылығын дамытты. Әсіресе, атам жылқы малын ерекше жақсы көрді. Ұжымдастыруға дейін олардың үлкен жылқы табындары мен қой отарлары болған еді.

Атам 40 жылын орта білім беру жүйесіне арнады. Ауылда мектеп директоры болып, математика, физика және тарих пәндерінен сабақ берді. Оның оқушылары оны әлі күнге дейін жылы сөзбен еске алады. Шәкірттерінің айтуынша, жас кезінде ол әйгілі кеңес актері Вячеслав Васильевич Тихоновқа қатты ұқсаған.

Зейнетке шыққан соң, қоғамдық өмірге белсенді араласты. Облыстағы барлық мерекелік және маңызды шараларға қатысты. Ауылдағы ардагер достарымен «Правда» газетіндегі соңғы жаңалықтарды талқылауды ұнататын, радио тындайтын. Көп уақытын бақшада, жүзімдікте және жылқылардың қасында өткізетін.

Араб және орыс тілдерін жетік меңгерген атамыз ауыл тұрғындарына хат жазуға, құжаттарын рәсімдеуге көмектесетін. Өзбек бауырларымыздың қазақ жерінде тұрақтауына да қолдау көрсетті.

Оның кеудесін жауынгерлік ордендер мен медальдар толық жауып тұратын.

1993 жылы атамның дүниеден өтті...

Менің дәл бүгінгі күндей бақытты өмір сүруіме өз үлесін қосқан атамды мақтан етемін! Оның соғыс кезінде көрсеткен ерлігі, соғыстан кейінгі қажырлы еңбегі мен үшін үлгі болып қала береді. Ол – қайсар, еш қиындыққа мойымаған, рухы мықты жанның бейнесі!

Жеңіс күні құтты болсын, асыл ата!

Маржан БАЗАРХАНОВА,
«Korkyt ata Endowment» корпоративтік қорының директоры

Волейболдан студенттер арасындағы турнир қорытындыланды

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде жатақханалар арасында «Волейбол – Бірлік пен Жеңіс!» атты турнир 6 ақпан күні өтті. Спорттық шара студенттердің салауатты өмір салтын ұстануға деген қызығушылығын арттырып, командалық рухты нығайтуды көздеді.

Турнирге 6 команда қатысып, тартысты ойын өрнегін көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:



- I орын – Іңкәр жатақханасы
- II орын – 3 - жатақхана
- III орын – 5 - жатақхана

Сонымен қатар, ерекше көзге түскен ойыншылар арнайы номинациялармен марапатталды:

- Үздік қолғаушы – Әбдімәлік Бүркіт
 - Үздік шабуылшы – Бегалы Бейбарыс
 - Үздік үйлестіруші – Сабыр Ақнұр
- Бұл турнир студенттер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтып, спортқа деген қызығушылықты арттыруға зор үлес қосты.

«Жауқазын» театрының жаңа қойылымы көрерменге жол тартты

21 ақпан күні Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Жауқазын» студенттік театрының репертуары жаңа қойылыммен толықты. Қойылым қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» шығармасының желісімен қойылды.

«Қойылым барысында студенттер шығарманың негізгі идеясы мен драмалық мазмұнын терең аша білді. Жастар махаббат пен өкініш, адасу мен кешірім тақырыптарын қозғап, көрерменнің жүрегіне жол табуға тырысты. Өрбір кейіпкер жан тебіренерлік сезімдері мен ішкі қайшылығы шынайы түрде жеткізді деп ойлаймын», - деді Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары басқармасының басшысы Жанар Бимұратқызы.

Рөлдерін жоғары деңгейде сомдап шыққан студенттік театр әрістері зор қошеметке ие болып, жиналған қауымның ыстық ықыласына бөленді. Бұған дейін Жауқазын студенттік театры «Шәмші сүйген Изольда», «Қарагөз», «Қош махаббат», «Махаббат мұнарасы» қойылымдарын сахналады.



Қызылордада алғаш рет шетелдік ЖОО филиалдарының көрмесі өтті

Қызылордада алғаш рет «Study in Kazakhstan» мектеп оқушыларына арналған шетелдік жоғары оқу орындарының еліміздегі филиалдарын таныстыру көрмесі Студенттер сарайында 12 ақпан күні өтті.

Көрмеде шетелдік 19 жоғары оқу орнының филиалдары өздерінің білім беру бағдарламалары мен мүмкіндіктерін таныстырды.



Жиынға ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев, педагог-профориентолог Айдос Жұманазар, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бекжан Есенбаев, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-Ректор Бейбітқұл Каримова қатысты.

«Жауқазын» студенттік театры республикалық байқауда «Көрермен көзайымы» атанды

4 наурыз күні Алматы қаласында Абай атындағы ҚазҰПУ-да өткен «Студент және сахна» III республикалық театрлар конкурсында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Жауқазын» студенттік театры ерекше өнер көрсетіп, «Көрермен көзайымы» номинациясын иеленді.



20-ға жуық студенттік театрлар қатысқан байқауда «Жауқазын» ұлттық құндылықтар мен рухани тереңдікті дәріптеген әсерлі қойылымымен көрерменнің ерекше ықыласына бөленді. Бұл жетістік – ұжымның шығармашылық ізденісі мен еңбегінің жемісі.

Жас заңгерлер арасында интеллектуалды сайыс өтті

Қызылордада алғаш рет «Study in Kazakhstan» мектеп оқушыларына арналған шетелдік жоғары оқу орындарының еліміздегі филиалдарын таныстыру көрмесі Студенттер сарайында 12 ақпан күні өтті.

Көрмеде шетелдік 19 жоғары оқу орнының филиалдары өздерінің білім беру бағдарламалары мен мүмкіндіктерін таныстырды.

Жиынға ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев, пе-



дагог-профориентолог Айдос Жұманазар, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бекжан Есенбаев, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-Ректор Бейбітқұл Каримова қатысты.

Жастардың психологиялық саулығы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Өмірдің мәні. Тұлғаның құндылықтары мен принциптері» тақырыбында білім алушыларға арналған психологиялық тренинг апталығы 4 наурызда өтті.

Адамның өмірін, оның мақсатын, адамгершілік және рухани құндылықтарын үйретуге бағытталған тренингке 156 студент қатысып, психологиялық қолдау алды.

«Қазір жастардың психологиялық денсаулығын сақтау үшін оларға қолдау көрсету мен психологиялық білім мен дағдыларды дамыту өте маңызды. Осы ретте 20-28 ақпан аралығында білім алушыларға арнайы тренинг ұйымдастырылды. Кездесу барысында суицид пен суицидалды синдромға түсінік беріп, кез келген мәселені оң шешімін табуға болатынын түсіндіруге тырыстық», - деді психологиялық қолдау орталығының жетекшісі Құралай Иманалиева.

Іс-шараның басты мақсаты - жастар арасында өмірге оң қозғарас қалыптастырып, негативті ойлаулардан алшақ болуға шақыру. Студент бойында өзін-өзі тану қабілетін қалыптастыру.



Көрнекі ақпарат тілі: қателер мен қайшылықтар

Мемлекеттік тіл мәселесі бүгінгі таңда өзекті де, өткір мәселенің бірі. Әсіресе, қазақ тілінің көрнекі ақпарат және жарнама тілі ретінде қолданылуы көкейкесті мәселеге айналады. Жасыратын жоқ, бұл салада қазақ тілі – қосалқы тіл, аударма тіл, оқылмайтын ескерілмейтін тіл кейпінде қалып жатыр. Өз ана тіліміз өз көшемізден көрінбей тұр. Қазіргі хабарландыру мен жарнаманың түрлері, жасау жолдары мен адам өмірдегі пайдасы мен маңыздылығы, хабарландыру мен жарнама жазуда жіберілетін өрескел қателіктер туралы келешек ұрпаққа насихаттау, үлгі ету біздің басты мақсатымыз болып табылады. Көрнекі ақпарат тілін біздің күнделікті қоршаған ортамыздан байқауға болады.

Көрнекі ақпаратта тек ұйқастық қана емес, сонымен қатар қате аудармалар, қазақ тілін ысырып тастап жатқан жағдайлар да жоқ емес. Осы тұста әрбір қалада партия белсенділері мен студенттерден құралған еріктілерден топ құрылып, осы қателермен күресуде.

Нақтырақ айта келсек, 10 шақты еріктілер үлкен көшелерін аралап, жеке кәсіпорындарын өзіне жазып алып, қателерін анықтап, өз жетекшілеріне тапсырады. Ал жетекшілер сол жеке кәсіпорнының басшысымен хабарласып, жәй ғана қатесін түсіндіріп өз көмегін ұсынады, яғни аударуда қате кетсе, болмаса ұйқастық жоқ болса, оның дұрыс мәтінін жібереді. Егерде бұл түсіндірмеге жеке кәсіпкер құлақ түрмесе, ұйым жетекшісі әкімшілікке хаттама жолдауға мәжбүр болады. Әкімшілік жеке кәсіпкермен тікелей байланысқа шығып ескерту береді. Егер ол бағынбаған жағдайда, 5-6 айлық көлемінде әкімшілік хаттама толтырылады. Бұл қателердің алдын алу үшін жасалынып жатқан жұмыстар. Менің ойымша, әрбір жеке кәсіпкер өз жарнамасына үлкен көңіл бөлуі қажет. Себебі бұл кәсіптен түсетін кіріске, сонымен қатар қаланың көркіне әсерін тигізеді. Басқа үлкен брендтегі кәсіптердің тарихына үңілсек, олар өз жарнамасына қызықты, үйлесімді, мән мағынасы бар бір сөйлем үшін, үлкен қаражат

ұсынады. Мысалы бәріміз білетін “Adidas” компаниясы, Ресейде өткен олимпиадасында өз тауарларын сатпақ болып, кәсіпкер қомақты мөлшердегі ақшаны, өз жарнамасына ұсынды. Үміткерлер өте көп болды. Соның ішінде бір 16-17 жасар бала өз тапқырлығымен жеңді. Сондағы ұсынған сөзі “Adidas - победа наш”, әрі ұйқасымды, сонымен қатар олимпиадаға да өзіндік қатысы бар.

“Бұл оқиғамен не айтқың келді” десеңіз, қазіргі кезде осы тұста заң бұзушылық өршуде. Осы қателермен тек әкімшілік, қоғам белсенділері ғана емес, бүкіл кәсіпкерлер болып, халық болып, ой бөлсек, қазақ тіліне, өз қаламызға деген үлкен құрметтің, жанашырлықтың белгісі болар еді деп ойлаймын. «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тілің – тірлік үшін» демекші, тілімізді құрметтейік, ағайын!

Азат ЖҰМАТАЙ,
Ж-24-1 оқу тобының студенті

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ: ҚОҒАМНЫҢ ІРІТКІСІ

Сыбайлас жемқорлық – біздің қоғамның ең үлкен дерті. Бұл мәселенің түбіне үңілмесек, әділдікке деген сеніміміз шайқалып, мемлекеттің негізі әлсірейді. Жемқорлық бір ғана адамның немесе бір топтың мәселесі емес – бұл барлығымызға әсер ететін әлеуметтік кесел. Сондықтан оны жеңу үшін әрбір азамат күресуге тиіс.

Жемқорлықтың түп-тамыры қайда?

Жемқорлықтың негізгі себебі билік пен жауапкершіліктің тең бөлінбеуі, бақылаудың әлсіздігі және адам бойындағы тойымсыздық. Пара беру мен алу қалыпты жағдайға айналған қоғамда әділдік жайлы айту қиын. «Ақшаң болса – бәрі мүмкін» деген түсінік қалыптасқан жерде занның қадірі қашады. Мұндай құбылыс мемлекеттік басқаруда, құқық қорғау органдарында, білім беру мен денсаулық сақтау

салаларында жиі кездеседі. Кейбір адамдар шенеуніктердің заңсыз әрекеттерін қалыпты деп қабылдап, өздері де соған бейімделеді. Нәтижесінде жүйелі жемқорлыққа жол ашылады.

Жемқорлықтың зардабы

Жемқорлық қоғамның барлық саласына зиян тигізеді. Мемлекеттік қаржы талан-таражға түсіп, бюджет қаражаты мақсатсыз жұмсалады. Шағын және орта бизнестің дамуына кедергі келтіріп, инвесторлардың сенімін азайтады. Байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық артып, әділетсіздік орнайды. Жемқорлықсыз жетістікке жету мүмкін емес деген сенім пайда болады. Халық мемлекеттік органдардың әділдігіне күмән келтіріп, заңды белден басу көбейеді. Тіпті, кейбір азаматтар заңсыз жолмен мәселе шешуге ұмтылады.

Не істеу керек?

Жемқорлықпен күресу үшін тек заң қабылдау жеткіліксіз. Қоғам санасын өзгерту қажет. Жемқорлық жасаған кез келген тұлға заң алдында жауап беруі тиіс. Мемлекеттік органдар халыққа есеп беріп, олардың жұмысы толық жариялы болуы керек. Азаматтар өз құқықтарын білмесе, әділетсіздікке қарсы тұру қиын. Әр адам заң бұзушылықты байқаса, оны жасырмай, жария еткені дұрыс.

Қорытындылай келе жемқорлықпен күресу – әрқайсымыздың міндетіміз. Бұл – билікке ғана емес, қарапайым халыққа да қатысты мәселе. Егер әркім өз үлесін қосса, біз әділетті, таза қоғам құра аламыз. Пара бермейік, заңды сыйлайық!

Жемқорлықсыз болашақ – біздің қолымызда!

Лияс СЕРІКЖАН,
Ж-24-1 оқу тобының студенті

ҚАРТТАР ҮЙІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨБЕЮ СЕБЕПТЕРІ

Қазіргі таңда қарттар үйінің саны артып келеді. Бұл жәйт қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістермен тығыз байланысты. Қарттар үйінің көбеюінің негізгі себептеріне көз жүргіртсек.

Бұрын көптеген отбасылар көпбуынды болып, үлкендерді қадірлеп, бәрін бір шаңырақ астында ұстауға тырысатын. Қазіргі таңда урбанизация мен миграцияның әсерінен жастар өздері жеке өмір сүргісі келеді. Көптеген отбасыларда екінші немесе үшінші бала бірге тұрмайды, бұл үлкен жастағы ата-ананың жалғыз қалуына әкеледі.

Кейбір отбасылар қаржылық қиындықтарға тап болып, үлкендерді асырау мүмкіндігі шектеледі. Әсіресе, жұмысбасты адамдар ата-анасына жеткілікті көңіл бөле алмайды. Қарттардың зейнетақысы өмір сүру шығындарын толық қамтамасыз ете алмайды

да, қарттар үйінің толуына басты себеп болып отыр.

Қоғамда отбасыға, үлкендерге деген көзқарас өзгеріп келеді. Кейбір жастар ата-анасын қарттар үйіне орналастыруды қалыпты жағдай деп санайды. Бұрынғы дәстүрлер мен моральдық нормалардың әлсіреуі бұл үрдісті күшейтеді.

Қарт адамдардың көбі түрлі созылмалы ауруларға шалдыққандықтан, арнайы күтім мен медициналық бақылауды қажет етеді. Кейбір отбасылар мұндай күтімді қамтамасыз ете алмағандықтан, оларды қарттар үйіне беруге мәжбүр болады.

Қазіргі қоғамда қарттар үйінің саны артып келеді. Бұл құбылыс әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістермен байланысты. Қарттардың өмір сүру сапасын жақсарту – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі.

Қарттар үйі – жасы келген, денсаулығы нашарлаған немесе отбасынан қолдау таппаған адамдарға арналған мекеме. Мұнда қарттарға медициналық көмек көрсетіліп, олардың әлеуметтік ортада өмір сүруіне жағдай жасалады.

Бағыс мәдениетінің ықпалымен қарттар үйіне баруды қалыпты жағдай деп санайтын адамдардың саны көбеюде. Кейбір қарттар жалғыздықты болдырмау үшін өз еркімен қарттар үйіне орналасады.

Қарттар үйінің көбеюі – қоғамдағы өзгерістердің айқын көрінісі. Бұл мәселені шешу үшін мемлекет, отбасы және қоғам бірлесіп әрекет етуі қажет. Қарттарға қамқорлық көрсету – адамгершіліктің белгісі, ал олардың бақытты өмір сүруі – біздің ортақ міндетіміз.

Мадина ТЕҢГІЗБАЙ,
Ж-24-1 оқу тобының студенті

<p>Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.</p> <p>Бас редактор: Қ.Ә.Омаров</p>	<p>АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:</p> <p>Б.С.КАРИМОВА - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Торағасы-Ректоры М.Ә.БӨРІБАЕВА - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Ж.Н.БАЗАРТАЙ - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Г.Д.ЗЕЛБАЕВА Тұлғалар қауымдастығының төрайымы</p>	<p>Жауапты редактор: Азамат Абимолда</p> <p>Техникалық редактор: Асқар Махашов</p>	<p>SYR TULEGI student jastar gazetі 1992-2025 жылдарындағы тарихы</p> <p>Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен колжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.</p>
--	--	--	--